

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 қазандағы № 453 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 қазанда № 24724 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 қарашадағы № 490 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің 15.11.2021 № 490 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 5 қазандағы № 01-11 /264 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі Бескөл ауылының Киров көшесіне ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Бескөл ауылдық округінің әкімі*

К. Дарбаев